

Мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 13 сәуірдегі № 127-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 20 мамырда № 6971 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 139-ө бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.04.2014 № 139-ө бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес «Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес «Еңбек ету қабілетінен айырылу; асыраушысынан айырылу; жұмысынан айырылу; жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айырылу; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылу; бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу әлеуметтік қатер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес «Бала тууға және бала күтімі бойынша жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес «Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес «Мүгедектікті және/немесе еңбек ету

кабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес «Мүгедек баланы тәрбиелеуші анасына немесе әкесіне, бала асырап алушыға, қамқоршысына (қорғаншысына) жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес «Жерлеуге арналған біржолғы төлемдерді тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.12.2012 № 468-ө-м Бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті, Қазақстан Республикасының Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы регламенттерді халыққа қызмет көрсетілетін жерлерде қабылдауға ыңғайлы форматта орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жауапты хатшысы Т.Б. Дүйсеноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Министр *Г. Әбдіқалықова*
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2011 жылғы 13 сәуірдегі
№ 127 - ө бұйрығына
1-қосымша

«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.12.2012 № 468-ө-м Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (бұдан әрі - Регламент) «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Регламентте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері (бұдан әрі – ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдері) – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай жұмыс стажы бар жеке тұлғаларға, еңбек стажына барабар жүзеге асырылатын ақша төлемі;

2) зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – департаменттер) – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау жөніндегі комитетінің аумақтық органдары;

3) ЗТМО-дан зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі – тұтынушы) – мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке тұлға;

4) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық (бұдан әрі – Орталық) – Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының шарттары негізінде функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттеген заңды т ұ л ғ а ;

5) Орталықтың филиалы – Орталықтың облыстық, Астана мен Алматы қ а л а л а р ы н ы ң ф и л и а л д а р ы ;

6) Орталықтың бөлімшелері – Орталықтың қалалық, аудандық бөлімшелері;

7) ОДҚ – Орталықтың орталық дерекқоры.

3. Мемлекеттік қызметті Орталықтың аумақтық бөлімшелері көрсетеді, олардың мекенжайлары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 393 «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау» мемлекеттік қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) 1-қосымшада көрсетілген.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

5. М е м л е к е т т і к қ ы з м е т :

1) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2-тармағының ;

2) «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындауды және төлеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы № 819 қ а у л ы с ы н ы ң ;

3) Стандарттың негізінде көрсетіледі.

6. Тұтынушы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі Зейнетақы

төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы қағаз жеткізгіштегі куәлік не қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызметті мекенжайы мемлекеттік қызмет Стандартына 1-қосымшада көрсетілген тұтынушының тұрғылықты жері бойынша Орталықтың аудандық, қалалық бөлімшелері көрсетеді.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің <http://www.enbek.gov.kz> интернет-ресурсында, Орталық бөлімшелерінің стенділерінде, ресми ақпарат көздерінде орналастырылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері Стандарттың 7-тармағында белгіленген.

10. Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды толық ұсынбау мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негізі болып табылады.

11. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет алу үшін сұрау алған сәттен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін берген сәтке дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) Орталықтың бөлімшелері тұтынушыдан өтініш пен құжаттарды қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тұтынушының қағаз жеткізгіштегі іс макетін және электрондық іс макетін қалыптастырады;

2) Орталықтың филиалы екі жұмыс күні ішінде келіп түскен электрондық іс макеті мен шешім жобасын қарайды, есептің және шешімнің ресімделуінің дұрыстығын тексереді;

3) департамент бес жұмыс күні ішінде электронды шешім жобасымен келіп түскен электрондық істің макетін қарайды және ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды. Департаменттің маманы шешімді автоматты режимде нөмір бере отырып, электрондық журналға тіркейді және электронды байланыс арқылы электрондық іс макетін шешімімен және электрондық хабарламамен қоса Орталықтың бөлімшесіне жібереді. ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда департамент шешімде бас тарту негіздемесін көрсетеді;

4) Орталықтың бөлімшесі департаменттің ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы шешімімен қоса электрондық іс макетін алғаннан кейін іске нөмір бере отырып, журналға ЗТМО-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы тиісті жазбаларды жазады. Орталықтың маманы

департаменттің ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы қағаз жеткізгіштегі шешімін ЗТМО-дан зейнетақы төлемдерін алушының ісіне тігеді. Департамент ЗТМО-дан зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда Орталық бөлімшесі өтініш берушіге ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тарту туралы хабарлайды және өтініш берушіге департаменттің бас тарту себептері туралы хатын қоса отырып, ұсынған құжаттарын қайтарады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекеттесу) тәртібінің сипаттамасы

12. Өтініш пен оған қоса берілген құжаттарды Орталық бөлімшесінің маманы арнайы журналға тіркейді. Тұтынушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің үзбелі талоны беріледі.

13. Мемлекеттік қызметті алуға қажетті, оның ішінде жеңілдіктері бар адамдар үшін де қажетті құжаттардың, нысандардың, шаблондардың және оларға қойылатын талаптардың толық тізбесі.

ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындауды және төлеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы № 819 қаулысында белгіленген.

14. Ақпараттық қауіпсіздікке талаптар көзделмеген.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) қатысады:

- 1) Орталық бөлімшесінің маманы;
- 2) Орталық бөлімшесінің бастығы;
- 3) Орталық филиалының маманы;
- 4) Орталық филиалының басшысы;
- 5) департаменттің маманы;
- 6) департамент басқармасының (бөлімінің) бастығы;
- 7) департаменттің басшысы.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне келесі мүдделі органдар қ а т ы с а д ы :

- 1) Орталықтың бөлімшесі тұтынушыдан өтініш пен құжаттарды қабылдаған

күннен бастап істің қағаз жеткізгіштегі макетін (бұдан әрі – істің макеті) және электрондық іс макетін қалыптастырады. Электрондық іс макетін қалыптастыру үшін Орталық бөлімшесінің маманы іс макетін сканермен көшіреді, сканермен көшірілген құжаттардың сапасын және олардың қағаз жеткізгіштегі іс макетімен сәйкестігін тексереді, ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешімнің электронды жобасын (бұдан әрі – электронды шешім жобасы) қалыптастырады, электрондық іс макетінің құжаттарын және электронды шешім жобасын электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.

Орталық бөлімшесінің бастығы электрондық іс макетінің қағаз жеткізгіштегі іс макетімен сәйкестігін салыстырып тексереді, сканермен көшірілген құжаттардың сапасын, ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдері мөлшерінің дұрыс есептелуін, электронды шешім жобасының дұрыс ресімделуін тексереді және оны электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.

Орталықтың бөлімшесі электрондық іс макетін электронды шешімімен қоса, электронды байланыс құралдары арқылы электрондық хабарламасымен Орталықтың филиалына жібереді.

2) Орталықтың филиалы келіп түскен электрондық іс макеті мен электронды шешім жобасын қарайды, есептің және электронды шешім жобасының дұрыс ресімделуін тексереді, осыдан кейін оны электрондық хабарламамен бірге департаментке жібереді. Бұл ретте электронды шешім жобасы Орталық филиалының маманы мен басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

3) департамент электронды шешім жобасымен келіп түскен электрондық істің макетін қарайды және ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды не тексеру жүргізу туралы Орталықтың бөлімшесіне хабарлайды.

ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдаған жағдайда департамент электронды шешім жобасын басқарма (бөлім) маманының және бастығының және департамент басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

17. Әрбір ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттердің жүйелілігі мен өзара іс-әрекеттерінің (рәсімдер) осы Регламентке 1-қосымшаға сәйкес әрбір әкімшілік іс-әрекетті (рәсімді) орындау мерзімі көрсетілген мәтіндік кестелік сипаттамасы.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық дәйектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін схемалар осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне

1-қосымша

Нысан

1-кесте. ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

Негізгі процестің (жұмыс барысының, ағынының) іс-әрекеттері			
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2	3
ҚФБ атауы	Орталық бөлімшесінің маманы	Орталық бөлімшесінің бастығы	Орталық филиалының маманы
Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Қажетті құжаттары қоса берілген өтінішті қабылдайды, журналға тіркейді және өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы белгісі бар үзбелі талонды береді, іс макетін сканермен көшіреді, сканермен көшірілген құжаттардың сапасын және олардың қағаз жеткізгіштегі іс макетімен сәйкестігін тексереді, шешім жобасын қалыптастырады, ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептейді және оларды электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.	Электрондық іс макетінің қағаз жеткізгіштегі іс макетімен сәйкестігін салыстырып тексереді, сканермен көшірілген құжаттардың сапасын, ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдері мөлшерінің дұрыс есептелуін, электронды шешім жобасының дұрыс ресімделуін тексереді және оны электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.	Келіп түскен электрондық іс макеті мен электронды шешім жобасын қарайды, есептің және электронды шешім жобасының дұрыс ресімделуін тексереді, осыдан кейін оны электрондық хабарламамен бірге Орталық филиалының басшысына жібереді, шешім жобасы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-нұсқаулық шешім)	Электронды шешім жобасы бар, тұтынушының қағаз жеткізгіштегі іс макеті мен электрондық іс макеті; электрондық іс макетін Орталық бөлімшесінің бастығына жіберу	Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық іс макеті; Оны Орталықтың филиалын беру	Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электронды шешім жобасы және қол қою үшін оны Орталық филиалының басшысына беру
Орындау мерзімі	2 сағат	30 минут	30 минут
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3	4

1-кестенің жалғасы

Негізгі процестің (жұмыс барысының, ағынының) іс-әрекеттері				
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының) №	4	5	6	7

КФБ атауы	Орталық филиалының басшысы	Департаменттің маманы	Департамент басқармасының (бөлімінің) бастығы	Департаменттің басшысы
Іс-әрекеттің процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	(Шешім жобасын электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады	Шешім жобасымен келіп түскен электрондық істің макетін қарайды және ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды	Шешім жобасымен келіп түскен электрондық істің макетін қарайды және ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды	ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-нұсқаулық шешім)	(Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық іс макетін департаментке жіберу	Бас тарту себебі көрсетілген ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім; оны қол қою үшін департамент басқармасының (бөлімінің) бастығына беру	Бас тарту себебі көрсетілген ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім; оны қол қою үшін департамент басшысына беру	Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім
Орындау мерзімі	15 минут	30 минут	15 минут	15 минут
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	5	6	7	8

1-кестенің жалғасы

Негізгі процестің (жұмыс барысының, ағынының) іс-әрекеттері

Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының) №	8	9	10
КФБ атауы	Департаменттің маманы	Орталық бөлімшесінің маманы	Орталық бөлімшесінің маманы
Іс-әрекеттің процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді автоматты режимде нөмір бере отырып, электрондық журналға тіркейді және электронды байланыс арқылы электрондық іс макетін шешімімен және электрондық хабарламамен қоса Орталықтың бөлімшесіне жібереді. Өтініш берушінің ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін алу құқығының болмауына байланысты ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тарту туралы	ЗТМО-дан төленетін төлемді тағайындау (өзгерту) туралы электронды шешіммен қоса электрондық іс макетін алғаннан кейін департамент төлемді тағайындау (өзгерту) туралы шешім қабылдаған жағдайда іске журналдан нөмір береді, содан кейін қағаз	Департамент төлемді тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда өтініш берушіге ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тарту туралы хабарлайды және өтініш берушіге департаменттің бас

	шешім қабылданған жағдайда, департамент шешімде бас тарту негіздемесін көрсетеді. Электрондық іс макеті электрондық хабарламамен және департаменттің бас тарту себептері туралы хатымен қоса электрондық байланыс арқылы Орталық бөлімшесіне қайтарылады	жеткізгіштегі аталған шешімді тұтынушының іс макетіне тігеді және тұтынушының деректерін Орталықтың ОДҚ енгізеді .	тарту себептері туралы хатын қоса отырып, ұсынған құжаттарын қайтарады.
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-нұсқаулық шешім)	Электрондық журналға тіркелген шешім және оны Орталықтың бөлімшесіне жіберу	Тұтынушының іс макетіне тігілген қағаз жеткізгіштегі шешім	Департаменттің төлемді тағайындаудан бас тарту туралы шешімі және департаменттің бас тарту себептері туралы хаты
Орындау мерзімі	30 минут	30 минут	20 минут
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	9	10	

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс

Қ Ф Б Орталықтың бөлімшесі	1 - т о п	Қ Ф Б Орталықтың филиалы	2 - т о п	Қ Ф Б департамент	3 - т о п
№ 1 ә р е к е т	Кұжаттарды қабылдау, үзбелі талон беру, өтінішті тіркеу, шешім жобасымен және ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдер мөлшерінің есебімен қоса істің қағаз жеткізгіштегі және электрондық макеттерін қалыптастыру, электрондық іс макетін Орталықтың филиалына жіберу	№ 2 ә р е к е т	Кұжаттардың дұрыс ресімделуін және электрондық іс макетінің қағаз жеткізгіштегі іс макетімен сәйкестігін тексеру, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыру, электрондық іс макетін департаментке жіберу	№ 3 ә р е к е т	ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау
№ 4 ә р е к е т	Тұтынушыға ЗТМО-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру				

«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау»


мемлекеттік қызмет көрсету

р е г л а м е н т і н е

2-қосымша

Нысан

Функционалдық өзара іс-әрекет диаграммасы



Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің
2011 жылғы 13 сәуірдегі
№ 127 - ө бұйрығына
2-қосымша

**«Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау»
мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.12.2012 № 468-ө-м Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемді тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (бұдан әрі – Регламент) «Әкімшілік рәсімдер туралы»

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Регламентте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – Қазақстан Республикасының азаматтарына «Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенде берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;

2) зейнетақылар тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық органдары ;

3) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушы (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) – Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам;

4) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

5) орталықтың филиалы – Орталықтың облыстық, Астана мен Алматы қалаларының филиалдары ;

6) уәкілетті ұйымның бөлімшелері – уәкілетті ұйымның қалалық, аудандық бөлімшелері ;

7) халыққа қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – орталық) – «жалғыз терезе» қағидаты бойынша өтініштерді қабылдау және құжаттарды беру жөнінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетілуін жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорын;

8) «электронды үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) – үкіметтік ақпаратқа бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе шоғырландырылған, барлық нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің ;

9) ОДҚ – уәкілетті ұйымның орталық дерекқоры;

10) мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – бұл мүдделі органдардағы жауапты тұлғалар, ақпараттық жүйелер немесе олардың кіші жүйелері ;

11) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы .

3. Мемлекеттік қызметті зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау

жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган көрсетеді, олардың мекенжайлары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 393 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау» мемлекеттік қызмет Стандартына (бұдан әрі - Стандарт) 1-қосымшада көрсетілген.

Өтініштерді қабылдау және рәсімделген құжаттарды беру уәкілетті ұйымның бөлімшесі және орталық арқылы асырылады, олардың мекенжайлары Стандартқа

1, 2-қосымшаларда көрсетілген.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

5. Мемлекеттік қызмет:

1) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1, 2-тармақтарының;

2) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының негізінде көрсетіледі;

3) «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы № 819 қаулысының;

4) Стандарттың негізінде көрсетіледі.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелері:

1) уәкілетті ұйым бөлімшесінде және орталықта: мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі туралы қағаз жеткізгіштегі зейнетақы куәлігін беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электронды құжат нысанындағы немесе қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап;

2) порталда: тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі туралы ақпарат алу не қызмет көрсетуден бас тарту туралы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау жөніндегі электронды құжат нысанындағы дәлелді жауап болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызметті, мекенжайы мен жұмыс кестесі Стандарттың 1-қосымшада және 2-қосымшада көрсетілген тұтынушының тұрғылықты жері бойынша уәкілетті ұйымның аудандық, қалалық бөлімшелері және орталық көрсетеді.

Жұмыс кестесі Стандарттың 9-тармағында белгіленген.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық а қ п а р а т :

- 1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің <http://www.enbek.gov.kz> интернет-ресурсында;
- 2) уәкілетті ұйым бөлімшесінің www.gcvp.kz интернет-ресурсында;
- 3) «Халыққа қызмет көрсету орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының www.con.gov.kz интернет-ресурсында;
- 4) орталықтағы, уәкілетті ұйымның бөлімшесіндегі стенділерде;
- 5) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты сондай-ақ call-орталығының (1414) телефоны және уәкілетті ұйым бөлімшесінің call-орталығының (1411) телефоны б о й ы н ш а а л у ға б о л а д ы .

9. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері Стандарттың 7-тармағында б е л г і л е н г е н .

10. Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды толық ұсынбау мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негізі болып табылады.

11. Мемлекеттік қызмет алушыдан мемлекеттік қызмет алу үшін сауал алған сәттен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін берген сәтке дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) орталық маманы мемлекеттік қызмет алушы жолыққан сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде (құжаттар қабылдаған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) осы екі дана хабарлама толтырады, мемлекеттік қызмет тағайындау үшін қабылдаған өтініш пен қоса барлық қабылданған құжаттармен қосымша ресімделген құжаттардың тізілімнің бір данасын курьер қызметі арқылы уәкілетті ұйымдық бөлімшесіне жібереді. Уәкілетті ұйымдық бөлімшесі орталықтың екі хабарламасына да құжаттарды қабылдағаны туралы белгі қояды;

2) уәкілетті ұйымның бөлімшелері мемлекеттік қызмет алушыдан және орталықтан (ресімделген құжаттардың тізілім арқылы) өтініш пен құжаттарды қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет алушының қағаз жеткізгіштегі іс макетін және электрондық іс макетін қалыптастырады;

3) уәкілетті ұйымның филиалы келіп түскен электрондық іс макеті мен шешімнің жобасын екі жұмыс күні ішінде қарайды, есептің және шешімнің дұрыс ресімделуін тексереді;

4) жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешімнің жобасымен қоса келіп түскен электрондық іс макетін бес жұмыс күні ішінде қарайды және жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның маманы: шешімді электрондық журналда нөмір бере отырып, автоматты режимде

тіркейді және электрондық іс макетін шешіммен және электрондық хабарламамен қоса уәкілетті ұйым бөлімшесіне электрондық байланыс арқылы жібереді. Жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешімде және электрондық хабарламаға бас тарту негіздемесін көрсетеді;

Жәрдемақы тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту) шешім қабылданған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Регламентке 1, 2-қосымшадағы нысандарға сәйкес мемлекеттік қызметтің тағайындалғаны туралы хабарламаны мемлекеттік қызмет алушыны хабардар ету үшін уәкілетті ұйымның бөлімшесіне және орталыққа жібереді. Мемлекеттік қызметті тағайындаудан бас тартқан жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның бас тарту себептері туралы хаты қоса беріледі;

сканермен көшірілген электрондық іс макетінің берілген құжаттарында күмән туындаған жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган электрондық іс макетімен салыстыру үшін уәкілетті ұйым бөлімшесінен істің м а к е т і н с ұ р а т а д ы ;

егер мемлекеттік қызметті тағайындау туралы шешім шығару үшін қажетті құжаттар ұсынылмаған немесе іс макеті толық емес және сапасыз болған жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган электрондық іс макетін уәкілетті ұйымның бөлімшесіне, келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қайтарылған электронды іс макеті қосымша құжаттармен қайта р е с і м д е у ү ш і н қ а й т а р а д ы .

Электрондық хабарламаның тиісті бағанында қайтарудың нақты себебі к ө р с е т і л е д і .

Егер, уәкілетті ұйымның бөлімшесіне электрондық іс макеті келіп түскен күннен отыз жұмыс күні ішінде құжаттар қайта рәсімделмеген жағдайда, жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган бар құжаттар негізінде электронды шешім немесе жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

5) уәкілетті ұйымның бөлімшесі жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органнан мемлекеттік қызметті тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту туралы) хабарлама және электрондық іс макеті мен тағайындау туралы шешім келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде:

электрондық шешімді қағаз жеткізгішке басып шығарып, өтініш иесінің іс макетіне қосып тігеді және ОБД қажетті мәліметті енгізеді;

мемлекеттік қызметті тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту туралы) хабарламаны қағаз жеткізгішке басып шығарып, осы Регламенттің 3-қосымшасындағы нысанға сәйкес екі дана рәсімделген құжаттардың тізілімге уәкілетті ұйымның бөлімшесінің құжаттарды қабылдағаны туралы белгі қояды;

мемлекеттік қызметті тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту туралы) хабарламаны және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның тағайындаудан бас тарту туралы негіздемесін курьерлық қызмет арқылы орталыққа жібереді;

электрондық іс макетін түзетуге келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тиісті бағанында қайтарудың нақты себебі көрсетілген хабарламаны курьерлық қызмет арқылы орталыққа жібереді.

Мемлекеттік қызметті тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті ұйымның бөлімшесі немесе орталық мемлекеттік қызмет алушыға ұсынылған құжаттары мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның тағайындаудан бас тарту туралы негіздемесі көрсетілген хатымен қоса қайтарлады;

б) орталық бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет алушыға (уәкілетті ұйымның бөлімшесінен құжаттардың келіп түскен күні мемлекеттік қызмет көрсету уақытына кірмейді):

мемлекеттік қызметті тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту туралы) хабарламаны немесе жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның тағайындаудан бас тарту туралы негіздемесін береді;

мемлекеттік қызмет алушыны жиырма бес жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген қосымша құжаттарды ұсыну мен толықтыру туралы қажеттілігін хабардар етеді.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекеттесу) тәртібінің сипаттамасы

12. Уәкілетті ұйымның бөлімшесінде құжаттарды қабылдау «терезелер» арқылы жүзеге асырылады, олардың мекенжайлары Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет алушыға құжаттарды қабылдау туралы белгіленген өтінішіне үзбелі талон беріледі.

Орталықта «кедергісіз» қызмет көрсету арқылы операциялық залда жүзеге асырылады, олардың мекенжайлары Стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

Орталықта құжаттарды тапсырғаннан кейін мемлекеттік қызмет алушыға мыналарды көрсете отырып, тиісінше құжаттарды қабылдағаны жөнінде қолхат беріледі:

өтініштің нөмірі мен қабылдаған күні, уақыты;
сұратылған мемлекеттік қызмет түрі;
қоса беріліп отырған құжаттардың саны мен атауы;
құжаттарды беру күні;

құжаттарды ресімдеуге арналған өтінішті қабылдаған қызметкерінің тегі, аты, ә к е с і н і ң а т ы .

13. Уәкілетті ұйымның және орталықтың мамандары мемлекеттік қызмет алушыдан қабылдаған құжаттың сапасын және құжаттың түпнұсқасымен көшірмесіне сәйкестігін тексереді, толық құжаттар пакетін қамтамасыз етеді.

14. Орталық курьерлік қызмет арқылы уәкілетті ұйымдардың бөлімшесіне мемлекеттік қызмет алушыдан қабылдаған өтініш пен оған қоса берілген құжаттарға қоса ресімделген құжаттардың тізілімі жұмыс күндері сағат 14.00–ге дейін (Астана қ. уақыты) жолдайды.

Уәкілетті ұйымның бөлімшесі екі нұсқасына ресімделген құжаттар тізілімінің орталықтан құжаттарды қабылдағаны туралы белгі қояды.

15. Орталық маманы жәрдемақы тағайындау туралы (өзгерістер, тағайындаудан бас тарту туралы) хабарлама алып, мемлекеттік қызмет алушыны хабардар етеді. Жәрдемақы тағайындаудан бас тартылған жағдайда мемлекеттік қызмет алушыға ұсынылған құжаттар мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның тағайындаудан бас тарту туралы негіздемесі көрсетілген х а т ы м е н қ о с а қ а й т а р а д ы .

16. Мемлекеттік қызмет алу үшін мемлекеттік қызмет алушы Стандарттың 11 -тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

17. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар:

- 1) құпиялылық (ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау);
- 2) тұтастылық (ақпараттарды рұқсатсыз өзгертуден қорғау);
- 3) қол жетімділік (ақпараттар мен ресурстарды рұқсатсыз ұстаудан қорғау).

18. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) қатысады:

- 1) о р т а л ы қ м а м а н ы ;
- 2) уәкілетті ұйым бөлімшесінің маманы;
- 3) уәкілетті ұйым бөлімшесінің бастығы;
- 4) уәкілетті ұйым филиалының маманы;
- 5) уәкілетті ұйым филиалының басшысы;
- 6) жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның маманы;
- 7) жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның басқармасының бастығы;
- 8) жәрдемақы тағайындау туралы уәкілетті ұйымның басшысы.

19. Әрбір ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттердің жүйелілігі мен өзара іс-әрекеттерінің (рәсімдер) осы Регламентке 5-қосымшаға сәйкес әрбір әкімшілік іс-әрекетті (рәсімді) орындау мерзімі көрсетілген мәтіндік кестелік сипаттамасы.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық дәйектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін схемалар осы Регламенттің 6-қосымшасында көрсетілген.

«Мемлекеттік базалық
зейнетақы төлемін тағайындау»
мемлекеттік қызмет
көрсету регламентіне
1-қосымша

**Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау туралы
хабарлама № _____**

20 ____ жылғы « ____ » _____

Азамат (ша) _____
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

Туған күні 19 ____ жылғы « ____ » _____

Өтініш берген күні 20 ____ жылғы « ____ » _____

Тағайындау туралы шешім 20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін
тағайындалған жәрдемақы сомасы: (_____) теңге
(жазбаша және сандық сомасы)

Хабарлама жауапты тұлғаның ЭЦҚ куәландырылған:

_____ (тағайындау бойынша уәкілетті орган директорының тегі, аты, әкесінің аты мен қызметі)

«Мемлекеттік базалық
зейнетақы төлемін тағайындау»
мемлекеттік қызмет
көрсету регламентіне
2-қосымша

**Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындаудан
бас тарту туралы хабарлама № _____**

20 ____ жылғы « ____ » _____

Азамат (ша) _____
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

Туған күні 19 ____ жылы « ____ » _____

Өтініш берген күні 20 ____ жылы « ____ » _____

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау бас тартылды

(себебін көрсету)

Хабарлама жауапты тұлғаның ЭЦҚ куәландырылған:

(тағайындау бойынша уәкілетті орган директорының тегі, аты, әкесінің аты мен қызметі)

«Мемлекеттік базалық
зейнетақы төлемін тағайындау»
мемлекеттік қызмет
көрсету регламентіне
3-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы хабарлама (орталықтан қабылданған № ___ хабарлама бойынша)

_____ облысы _____ бөлімшесі бойынша

20__ жылғы «__» _____ № _____

р/с №	Іс нөмірі	Мемлекеттік қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты	Мемлекеттік қызмет алушының туған күні	Мемлекеттік қызмет түрі	Зейнетақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның қарау нәтижесі				
					Тағайындау туралы шешімнің нөмірі мен уақыт күні	Түзеуге қайтарылған күні	Қайта рәсімдеуге қайтару себебі	Тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған күні	Тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған күні

Барлық ұсынылған құжаттар _____
(сандармен және жазбаша)

Өткізді: уәкілетті ұйым бөлімшесі жауапты тұлғасының _____ Қабылдады:
тегі, аты, әкесінің аты _____ орталықтың
жауапты

тұлғасы

_____ ҚОЛЫ

_____ ҚОЛЫ

Күні 20__ жылғы _____

Күні 20__ жылғы _____

«Мемлекеттік базалық
зейнетақы төлемін тағайындау»
мемлекеттік қызмет

к о р с е т у р е г л а м е н т і н е

4-қосымша

Қабылдау тізімі/ тапсырылған куәлігі

р/с №	Мемлекеттік қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты	Мемлекеттік қызмет алушының туған күні	Мемлекеттік қызмет алушының іс №

Барлық ұсынылған құжаттар _____ парақта
(сандармен және жазбаша)

Өткізді: Орталықтың жауапты тұлғасы тегі, аты, _____ Кабылдады: уәкілетті
әкесінің аты _____ ұйым бөлімшесі

жауапты тұлғасы

_____ ҚОЛЫ

_____ ҚОЛЫ

Күні _____ 20__ жылғы

Күні _____ 20__ жылғы

« М е м л е к е т т і к б а з а л ы қ
з е й н е т а қ ы т ө л е м і н т а ғ а й ы н д а у »

м е м л е к е т т і к қ ы з м е т
к о р с е т у р е г л а м е н т і н е

5-қосымша

1-кесте. ҚФБ іс-әрекетінің сипаты

Негізгі іс-әрекет процесі (жұмыс барысы, ағыны)				
Әрекет № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4
ҚФБ атауы	Орталық маманы	Уәкілетті ұйым бөлімшесінің маманы	Уәкілетті ұйым бөлімшесінің басшысы	Уәкілетті ұйым филиалының маманы
	Қажетті құжаттармен қоса өтінішті қабылдайды, мемлекеттік қызмет	Мемлекеттік қызмет алушыдан және орталықтан (хабарлама арқылы) қажетті құжаттармен қоса өтінішті қабылдап, журналға тіркейді және алушыға құжаттарды қабылдау туралы белгіленген үзбелі талон б е р е д і . Құжатты қабылдау туралы белгісімен ресімделген құжаттардың тізілімі	Электрондық іс макетінің қағаз жеткізгіштегі макетіне сәйкестігін, сканермен көшірілген	Келіп түскен электрондық іс макеті мен шешімнің жобасын қарайды, есептің және шешімнің дұрыс ресімделуін

Іс-әрекеттің (операцияның) атауы және олардың сипаты	алушыдан қабылдаған құжаттың сапасын және толықтығын тексереді, журналға тіркейді және алушыға құжаттарды қабылдау туралы белгіленген үзбелі талон береді.	қабылдау туралы орталықтан бір дана хабарламаны қабылдайды. Электрондық іс макетін қалыптастыру үшін іс макетін сканермен көшіреді, сканермен көшірілген құжаттардың сапасын және олардың қағаз жеткізгіштегі макетке сәйкестігін тексереді, жәрдемақы тағайындау туралы шешімнің ж о б а с ы н қалыптастырады және оларды электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.	құжаттардың сапасын, жәрдемақы мөлшерін есептеудің, шешім жобасының ресімделуі дұрыстығын тексереді және оны электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.	тексереді, осыдан кейін оны электрондық хабарламамен бірге уәкілетті ұйым филиалының басшысына жібереді, сонымен қатар шешімнің жобасын электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.
Аяқтау нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдық – басшылық ету шешім)	Уәкілетті ұйым бөлімшесіне қабылданған құжаттармен қоса ресімделген құжаттардың тізілімнің бір данасы жібереді.	Электрондық шешімнің жобасымен мемлекеттік қызметті алушының қағаз жеткізгіштегі іс макеті және электрондық іс макеті; электрондық іс макетін уәкілетті ұйым бөлімшесінің басшысына жіберу.	Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық іс макеті; оны уәкілетті ұйым филиалына жіберу.	Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық шешім жобасы және уәкілетті ұйым филиалының басшысына қол қою үшін жіберу.
Орындау мерзімі	20 минут	2 сағат	30 минут	30 минут
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3	4	5

1-кестенің жалғасы

Негізгі әрекет процесі (жұмыс барысы, ағыны)				
Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны)	5	6	7	8
ҚФБ атауы		Жәрдемақы тағайындау жөніндегі	Жәрдемақы тағайындау жөніндегі	Жәрдемақы тағайындау жөніндегі

	Уәкілетті ұйым филиалының басшысы	уәкілетті органның маманы	уәкілетті орган басқармасының (бөлімшесінің) бастығы	уәкілетті орган басшысы
Іс-әрекеттің (операцияның) атауы және олардың сипаты	Электрондық-цифрлық қолтаңбамен шешім жобасын куәландырады.	Жәрдемақы тағайындаудан бас тарту) жөніндегі шешімнің жобасымен қоса келіп түскен электрондық іс макетін қарастырады	Шешімнің жобасымен қоса келіп түскен электрондық іс макетін қарастырады және жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) жөнінде шешім қабылдайды	Жәрдемақы тағайындаудан бас тарту) жөніндегі шешім электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылады
Аяқтау нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдық – басшылық ету шешім)	Электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық шешім жобасын жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді	Электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылған жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту), бас тарту себебін көрсете отырып, шешімді уәкілетті органның басқарма бастығына қол қоюға беру	Электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылған жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту), бас тарту себебін көрсете отырып, шешімді уәкілетті органның басшысына қол қоюға беру	Электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылған жәрдемақы тағайындаудан бас тарту) жөніндегі шешім
Орындау мерзімі	15 минут	30 минут	30 минут	15 минут
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	6	7	8	9

1-кестеге қосымша

Негізгі іс-әрекет процесі (жұмыс барысы, ағыны)				
Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны)	9	10		11
ҚФБ атауы	Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган маманы	Уәкілетті ұйым бөлімшесінің маманы		Орталық маманы
	Шешімді электрондық журналда нөмір бере отырып, автоматты режимде тіркейді және электрондық іс макетінің шешімі мен электрондық хабарламаны қоса уәкілетті ұйым бөлімшесіне электрондық байланыс	Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган жәрдемақы тағайындау (өзгерту) жөнінде шешім қабылдаған кезде, тағайындау (өзгерту) жөнінде электрондық шешіммен қоса келіп түскен электрондық іс макетін қабылдап, электрондық шешімді	Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметті тағайындаудан бас	Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас

<p>Іс-әрекеттің (операцияның) атауы және олардың сипаты</p>	<p>арқылы жібереді. Егер мемлекеттік қызмет алушының жәрдемақы алуға құқығы жоқ болғанда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган электронды шешімге бас тартқан себебін көрсетеді. Электрондық іс макеті мен электрондық хабарлама және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның бас тарту туралы негіздемесі көрсетілген хаты электрондық байланыс арқылы уәкілетті ұйымның бөлімшесіне қайтарады.</p>	<p>қағаз жеткізгішке басып шығарып, өтініш иесінің іс макетіне қосып тігеді. ОДҚ мемлекеттік қызмет алушының мәліметтерін енгізеді. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызмет алушыға және орталыққа береді.</p>	<p>тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда мемлекеттік қызмет алушыға және орталыққа ұсынылған құжаттары мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның тағайындаудан бас тарту туралы негіздемесі көрсетілген хатымен қоса қайтарады.</p>	<p>тарту) туралы хабарламаны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді. Мемлекеттік қызметті тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік қызмет алушыға жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның тағайындаудан бас тарту туралы негіздемесі көрсетілген хатымен қоса құжаттарын қайтарады.</p>
<p>Аяқтау нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдық – басшылық ету шешімі)</p>	<p>Электронды журналда тіркелген шешім және оны уәкілетті ұйым бөлімшесіне жолдау</p>	<p>Мемлекеттік қызмет алушының іс макетіне тігілген қағаз жеткізгіштегі шешім</p> <p>Мемлекеттік қызмет алушы орталық арқылы өтініш берген жағдайда – жәрдемақы тағайындау туралы хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөніндегі дәлелді жауапты орталыққа жібереді.</p>	<p>Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органының жәрдемақы тағайындаудан бас тарту жөніндегі шешім және бас тарту себебі туралы хаты</p>	<p>Жәрдемақы тағайындау не тағайындаудан бас тарту (жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органының бас тарту себебі туралы хатымен) туралы хабарлама</p>
<p>Орындау мерзімі</p>	<p>30 минут</p>	<p>30 минут</p>	<p>20 минут</p>	
<p>Келесі іс-әрекеттің нөмірі</p>	<p>10</p>	<p>Мемлекеттік қызмет алушының орталық арқылы өтініш беруі - 11</p>		


2-кесте. Қолдану нұсқасы. Негізгі процесс

<p>орталық (ХҚО) ҚФБ 1-1 тобы</p>	<p>Уәкілетті ұйым бөлімшесінің 2 ҚФБ тобы</p>	<p>Уәкілетті ұйым филиалының 3 ҚФБ тобы</p>	<p>Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның 4 ҚФБ тобы</p>
	<p>№ 1 әрекет Құжаттарды қабылдау,</p>		

<p>№ 1 әрекет Құжаттарды қабылдау, үзбелі талон беру, өтініштерді тіркеу</p>	<p>үзбелі талон беру, орталықтан ресімделген құжаттардың тізілімін қабылдау, өтінішті тіркеу, қағаз жеткізгіштегі және электрондық іс макетін және жәрдемақы мөлшерінің есебімен шешім жобасын рәсімдеу, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын уәкілетті ұйым филиалына жолдау</p>	<p>№ 2 әрекет Электрондық іс макетінің қағаз жеткізгіштегі макетіне сәйкестігін және құжаттардың дұрыс рәсімделуін тексеру, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жолдау</p>	<p>№ 3 әрекет Жәрдемақы тағайындау жөнінде шешім қабылдау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту)</p>
<p>№ 4-1 әрекет Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту немесе жәрдемақы тағайындау жөніндегі дәлелді жауабы туралы хабарлама беру</p>	<p>№ 4-1 әрекет Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту немесе жәрдемақы тағайындау жөніндегі дәлелді жауабы туралы хабарлама беру</p>		

« М е м л е к е т т і к б а з а л ы қ
з е й н е т а қ ы т ө л е м і н т а ғ а й ы н д а у »
м е м л е к е т т і к қ ы з м е т
к ө р с е т у р е г л а м е н т і н е
б-қосымша

Өзара әрекеттескен функционалды диаграмма



Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2011 жылғы 13 сәуірдегі
№ 127 - ө бұйрығына
3-қосымша

«Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.12.2012 № 468-ө-м Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (бұдан әрі - Регламент) «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Регламентте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, азаматтарға мүгедектік туындаған, асыраушысынан айырылған кезде және жасына байланысты берілетін ай сайынғы ақшалай төлемдер;

